

**Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша сыбайлас
жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері
жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Қазақстан
Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан
Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті арасындағы
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, бір талап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) атынан Төраға А.Ж.Шпекбаев,

екінші талап Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) атынан Министр А. Мұхамедиұлы,
үшінші талап «Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті» қоғамдық бірлестік (бұдан әрі - ҰОК) атынан бас хатшысы С. Мұсайбеков

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінің тарихи мәні мен маңыздылығын ескере отырып;

Ұлт жоспары – Елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды іске асыруды негізге ала отырып;

Қазақстан Республикасы Президентінің ең жоғары құндылығы адам болып табылатын әлеуметтік мемлекетті құруға бағытталған ауқымды институционалдық реформаларды жетілдіру және оларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарын қолдай отырып;

Мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күш-жігерін шоғырландыру «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізудің ең маңызды шарттарының бірі екенін түсіне отырып;

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері үшін «нөлдік» төзбеушілік ахуалын жасау және Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтуарқылы мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды жұмылдыру мақсатында ынтымақтастық орнатуға ұмтыла отырып;

бірлескен қызметтің қажеттілігі туралы ортақ пікірге келіп, өздерінің құзыреті және өкілеттіктері шегінде келісімге қол жеткізді және төмендегілер туралы Меморандум жасасты:

1. Меморандумның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған, бірлескен және үйлестірілген іс-қимылдарды әзірлеу және іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Меморандумды іске асыру мақсатында:

2.1. Агенттік:

Министрлікке елдегі және әлемдегі сыбайлас жемқорлықтың жағдайы, спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жүргізілген талдаудың қорытындылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстың негізгі нысандары мен әдістері туралы ақпарат ұсынуға, Министрлікке кадрларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің әдеп және мінез-құлық қағидалары мәселелері бойынша даярлауға және олардың біліктіліктерін арттыруға, науқандар, семинарлар және кездесулер өткізу әдістемелеріне жәрдемдесуге;

Министрлікте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және шешімдер қабылдау үдерістерінің ашықтығын арттырудың өзекті мәселелерін қарастыру бойынша жылына кемінде бір рет облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары, ҰОК қатысуымен кеңес өткізуге;

облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарында, Министрліктің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында Министрлікке оларды жою жөніндегі шаралар қабылдау үшін ақпарат ұсына отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге;

спорттық ортада Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша Тараптарға консультативтік және тәжірибелік көмекті, басқарудың ашықтықты арттыруға, транспарентті, әкімшілік кедергілерді азайтуға, сондай-ақ арнайы мониторингі топтарды тартып, оқу-жаттықтыру жиынтықтар өткізудің сәйкестікке және шарттардың жағдайларына спорттық іс-шараларына жәрдемді көрсетуге ниеттенеді.

2.2. Министрлік:

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылдауға;

Тараптарды спорт саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, қызметтік әдептің, Министрлік әзірлеген сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стандарттардың нормаларын сақтау бойынша қабылданған шаралар туралы хабардар етуге;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру шеңберінде Талаптар өткізетін барлық бастамалар мен іс-шараларға белсенді қатысуға;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары мен бірге өткізуге;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызметтерді анықтау, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыстарды одан әрі жүргізуге;

дене шынықтыру және спорт саласының, оның ішінде «ашық көздерде» сондай-ақ Министрліктің, Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен Комитеттің ведомствоға бағынысты ұйымдары басшыларының кірістері мен мүлкі туралы ақпаратты орналастыру арқылы, бюджеттік қаражатты бөлу және оның игерілуі, мемлекеттік сатып алудың ашықтық саясатын жүргізуге;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы шағымдар мен күдік туындаған жағдайда жеделден қоюға және материалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарына беруге;

облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары қатысуымен дене шынықтыру және спорт саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі сұрақтарды Министрліктің отырыстарында жылына кемінде бір рет қарауға;

азаматтық қоғамдарды, спорттық федерацияларды, спортшыларды спорт саласында ұымдарының есептілігін жылжыту бойынша сондай-ақ этика мәселелеріне, қарайымдылық және сыбайлас жемқорлықтың мәдениеттіне қызметіне;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де шоғырландырылған нысандары мен әдістерін жасауға ниеттенеді.

2.3. ҰОК:

ҰОК басқару және ашықтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ету, сонымен қатар қаржылық есептерді жариялау, және басқарушы органдардың шешімдерін, іс-шаралардың жоспарларын, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлердегі жаттықтыру үрдістерінің өтетін орындарын аккредиттеу туралы ақпараттарды, жабдықтардың және мамандандырылған жабдықтардың, арнайы киім-кешектердің жөніндегі ақпаратты жариялау;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді орындаушылармен келісім-шарттарды жасасқан жағдайда алынған қаражаттарды пайдалану туралы ақпаратты жариялау және қызметтердің орындалуына Агенттіктің арнайы мониторинг тобының мүшелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы ақпаратты жариялау шарттарын келісім шарттарға қосуды практикаға енгізу;

спорттық іс-шаралар мен инфрақұрылымға байланысты сатып алудағы сыбайлас жемқорлық қаупін азайту бойынша шараларды ұйымдастыру;

мемлекеттік тапсырманы орындау жағдайында лауазымды тұлғалардың билігін және жауапкершіліктерін бөлу туралы ережелерді дайындау;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтау бойынша басқарушылық және реттеуші қызметтерді жүзеге асыратын қызметкерлер арасында қақтығыстарын болдырмау жөніндегі декларацияларды қабылдау; жақын туыстарын, ерлі-зайыптыларын және туыстарының тікелей жұмысқа қабылдауына жол бермеу; мүліктік және мүліктік емес игіліктері мен артықшылықтарды қабылдау немесе алу мақсатында ресми таратуға жатпайтын ресми және өзге де ақпаратты пайдалану; ресми өкілеттіктер мен міндеттерді орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдауға тыйым салу;

спорттық жарыстарды ұйымдастыру кезінде спорттық ережелерді дамытуға, спортты қорғау және манипуляцияларды болдырмау, тиімді реттеу мүмкіндіктерін арттыруға көмектесетін спорттық ережелерді дамытуды ынталандыру және қолдау;

спорт саласындағы тұтастық мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ҰОК-нің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ең үздік әлемдік тәжірибені енгізу жөнінде шараларды қабылдау;

спорт төрешілерін, жаттықтырушыларды, командалық жетекшілерді және спорт жарыстарының басқа қатысушыларына жарыстардың нәтижелеріне әсер ету мақсатында пара беруді немесе болдырмау мақсатындағы шараларды әзірлеу ниеттенеді.

3. Тараптардың ынтымақтастығы осы Меморандум шеңберінде:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара мүдделілік тудыратын ақпаратпен жедел алмасу;

Меморандумды іске асыру шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаларды анықтау;

тікелей уағдаластықтарға қол жеткізілген жағдайда - осы Меморандумды іске асыру мақсатында жұмыс кездесулерін өткізу, бірлескен бағдарламаларды әзірлеу, жұмыс топтарын құру;

Тараптардың бірінің өтініші бойынша Тараптардың қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша Тараптардың консультацияларын өткізу;

Тараптардың құзыреті шегінде ынтымақтастықтың өзге де нысандарын енгізу арқылы жүзеге асырылады.


4. Меморандум ережелерін түсіндіруде және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешеді.

5. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын және дербес хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6. Осы Меморандум соңғы Тараптың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.


7. Осы Меморандум бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі келесі бес жылдық мерзім аяқталғанға дейін 2 айдан кешіктірмей басқа Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермеген жағдайда, келесі бес жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

Астана қаласында 2019 жылғы ___ қаңтарда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде үш түпнұсқа данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің төрағасы

_____ А. Шпекбаев

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедиұлы

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық олимпиада комитеті»
ҚБ бас хатшысы

_____ С. Мұсайбеков